



**BAITEREK**



**DAMU**  
КӘСІПкерлікті дамыту қоры

# Факторинг

Маусым, 2022 жыл

# Факторинг дегеніміз не?



BAITEREK



- **Факторинг** - ақшалай талапты басқаға берумен қаржыландыру (ҚР МК), яғни бұл **дебиторлық берешекті басқаға беруге кепілсіз қаржыландыруды ұсыну**. Қызмет **кассалық алшақтықтарды басқаруға** және **айналым капиталын толықтыруға** мүмкіндік береді;
- Қарапайым сөзбен айтқанда - бұл **жеткізуді қаржыландыру схемасы**, оның шеңберінде **жеткізушінің кредиттік тәуекелі** ішінара немесе толық **делдал-факторға ауыстырылады**.

## Хабарландыру тәсілі бойынша

- **Ашық факторинг** - жеткізуші сатып алушыға фактормен шарт жасасу туралы хабарлады және сатып алушы факторға берешекті төлейді;
- **Жабық факторинг** — жеткізуші сатып алушыға факторингтік мәміле туралы хабарламайды. Сатып алушы жеткізушіге ақша төлейді, ол фактормен есеп айырысады.


## Тәуекелдерді бөлу бойынша

- **Регресс құқығымен** — егер борышкер шартты бұзса, онда фактор төленбеген шоттарды қайтарады және ақшаны қайтаруды талап етеді;
- **Регресс құқығынсыз** — барлық тәуекелдерді факторингтік компания өз мойнына алады және борышты өндіріп алған жағдайда барлық сот шығындарын жабады

## Оқшаулау бойынша

- **Ішкі факторинг** — егер тараптар сатып алу-сату шарты бойынша, сондай-ақ факторингтік компания бір елде болса;
- **Халықаралық факторинг** — егер жеткізуші мен оның клиенті әртүрлі мемлекеттердің резиденттері болып табылса.

## Стандартты факторинг мәмілесінің схемасы





## Жеткізуші (кәсіпкер) үшін

- Факторингтік қаржыландыруды ресімдеу кезінде **кредиттік жүктеме ұлғаймайды**;
- Басты бағалау объектісі Жеткізушінің **қаржылық көрсеткіштері емес**, Тауарларды немесе қызметтерді беруші мен Сатып алушы арасындағы **өзара қарым-қатынастың тарихы** болып табылады;
- **Кепіл мен кепілгерлік** талап етілмейді;
- **Баланс құрылымының** жақсаруы;
- Сатып алушы үшін неғұрлым **тиімді төлем шарттарын** ұсыну;
- **Жаңа сатып алушылар** ағыны;
- Сатып алушы тарапынан төленбеген жағдайда **залалдардан сақтандыру**.

## Сатып алушы (борышкер) үшін

- **Жаңа Жеткізушілерді** тарту;
- Сатып алушы тарапынан қосымша **тәуекелдер мен шығындарсыз** негізгі жеткізушілердің жұмысын қосымша ынталандыру және қолдау;
- Жеткізушілерге **тауарға ақы төлеудің неғұрлым икемді** мерзімдерін ұсыну мүмкіндігі.

# Неге факторинг?



BAITEREK



Кредит	Факторинг
олық өтелгенге дейін сыйақы, өсімпұл, өзге де айыппұл санкциялары есептеледі	келісілген тариф бойынша нақты көрсетілген қызмет үшін ғана ақы төлеу (біржолғы)
әдетте, кепілге беріледі	қамтамасыз ету талап етілмейді
кепіл құны кредит құнынан әлдеқайда жоғары (150% кем емес), яғни клиент кепіл сомасының 67%-на дейін алады	қаржыландыру сомасы берілетін дебиторлық берешектің 90%-ын құрайды
көп құжаттарды ресімдеу/ұсыну қажет	факторингтік қаржыландыру <b>небәрі 2 құжатты</b> : шот-фактураны және тауар жүкқұжатын ұсынған кезде төленеді
қарыз алушы банкке қайтарады	дебитор төлейтін қаражаттан өтеледі
белгіленген мерзімге беріледі	төлемді іс жүзінде кейінге қалдыру мерзіміне төленеді
шартпен келісілген күні төленеді	тауар жеткізілген күні төленеді
алдын ала келісілген сомаға беріледі	қаржыландыру мөлшері шектелмеген және сату көлемінің өсуіне барабар ұлғаюы мүмкін
банк қарыз алушыға ешқандай қосымша қызмет көрсетпейді	дебиторлық берешекті басқарумен сүйемелденеді

# Факторинг бойынша халықаралық деректер




BAITEREK



ҚОСҚИЛКЕРІКТІ ДАМУ ҚОРЫ

## Айналым **€3,0 трлн** асады

2021 ж. қорытындысы бойынша әлемде факторинг айналымы 3 069 млрд еуроны құрады





## Әлемдегі факторинг айналымының динамикасы:

- 1980 : ~ €50 млрд.
- 1990 : ~ €200 млрд.
- 2000 : ~ €600 млрд.
- 2021 : ~ €3 100 млрд. (жыл ішіндегі өсімі13%)

## Әлемде 2021 ж. басында:

- **4 193** факторинг компаниялар
- **726 000** клиенттер
- **17 500 000** дебиторлар

# Ресей Федерациясының факторингті дамыту жөніндегі тәжірибесі



BAITEREK



## Факторинг компаниялары қауымдастығының деректері бойынша:

- Факторинг айналымы\* - **5,8 трлн** рубль (2021 ж.), 2020 ж. салыстырғанда 50%-ға өсті;
- **10 945** клиенттер;
- **10 492** дебиторлар;
- Факторға шегініп берілген жеткізулер саны, - **13 015 мың** бірлік, 2020 ж. салыстырғанда 15%-ға өсті;

## Мемлекет атынан «МСП Банк» ААҚ факторингті қолдайды

- МСП Банк НОРБИТ компаниясымен бірлесіп **Ашық факторинг платформасын** (АФП) –факторингтік сервис үшін тәуелсіз онлайн-платформаны әзірледі;
- Платформа **«Шағын және орта кәсіпкерлік акселерациясы» ұлттық жобасы** шеңберінде құрылды;
- АФП **келісімшарттарды орындау** кезінде **ШОК субъектілеріне** қаржыға **қол жеткізуін оңайлатуға** мүмкіндік береді;
- Платформа факторингтік мәмілелердің барлық қатысушыларының: жеткізушінің, тапсырыс берушінің және фактордың өзара іс-қимылы үшін бірыңғай **цифрлық кеңістік** ретінде ойластырылған.





Факторинг қызметтерін кемінде **8 компания** ұсынады, оның ішінде:

- 2 факторинг компаниясы
- 1 МҚҰ
- 1 ЛК
- 4 екінші деңгейдегі банк

Соңғы жылдары нарық айналымы айтарлықтай ұлғайды

- Банктік емес компаниялар бойынша 2020 жылы ол **40–50 млрд** теңгені құрады
- Банктер бойынша – **150 млрд** теңгеге бағаланды

# Қазақстандағы факторинг нарығының әлеуеті



BAITEREK



КОСІПОРЫНДЫ ДАМУ ҚОҒАМЫ

Орта және ірі кәсіпорындардың дебиторлық берешегінің динамикасы



Шағын, орта және ірі кәсіпорындардың дебиторлық берешегі



- ✓ 2020 ж. қорытындысы бойынша кәсіпорындардың дебиторлық берешегі **26,8 млрд** теңгені құрайды:
  - ірі және орта кәсіпорындар бойынша – **10,3 млрд** теңге;
  - шағын кәсіпорындар бойынша – **16,5 млрд** теңге.
- ✓ Дебиторлық қарыздың шамамен **60%-ы** өнеркәсіп, сауда және құрылыс кәсіпорындарына тиесілі;
- ✓ Дебиторлық берешектің шамамен **30%-ы** өзге де қызмет түрлерін ұсынатын кәсіпорындарға тиесілі.